

ained from Sta.  
as a thickening agent

# diabetes

control the level of sug?  
sugar in the blood

[MedicalPlanet.su](http://MedicalPlanet.su)

избранное по медицине

**Диабет** (лат. *diabetes mellitus*) — бұл канда қант мөлшерінің көбейіп кетуінен пайда болатын дерт. Бұл аурумен жас та, кемел жастағылар да, кәрі де ауырады. Әсіресе жасөспірім кездегі диабет ауруы өте қиын, мұндай жаста диабетпен ауырғандарға арнаулы дәрі (инсулин) қолдану ұсынылады. Әйтсе де бұл ауру 40-тан асқан, тамақты шектен тыс ішіп, толыса бастаған адамдарға тән болып келеді. Қант диабеті - көмірсутек, май, ақуыздың зат алмасуының созылмалы бұзылуы, яғни қанға көп мөлшерде қант түйіршегінің бөлінуі болып табылады. Диабет инсулиннің асқазан асты безінен жеткілікті мөлшерде бөлінбеуі салдарынан басталады. Инсулинсіз ағза қант түйіршегін өңдей алмайды. Соның салдарынан қанның құрамында қант мөлшері артады.

## Қант диабетінің негізгі симптомдары

- үнемі сусап тұру (полидипсия)
- кіші дәреттің жиілеп, көп болуы  
(полиурия)
- үнемі шаршаулы сезіну  
(полифагия)
- қол-аяқтың ұйып, жансыздануы
- үнемі қарын аштығынан арылмау
- салмақ азаюы



Қант диабеті ауруы 2 түрге бөлінеді.

Диабеттің 1-типтік түрі инсулин өндіретін асқазан безінің реакциялары бұзылған жағдайда пайда болады. Ауруды тудыратын бірнеше себеп бар: вирустар, жеткілікті түрде ана сүтін ембеу және баланы сиыр сүтімен ерте тамақтандыру, құрамында азотты заттардың, тамақ пен суда токсиндердің болуы.

Мәселен, дамыған елдерде суды шектен тыс тазартқанда пайда болған кейбір антигендерге организмнің жеткілікті түрде қарсы тұра алмауы да диабет ауруына шалдығуға әкеп соғады екен.

Дегенмен, 1-типті диабеттің туындауының түпкілікті себептері табылған жоқ. I түрімен жас адамдар ауырады, бұлардың ұйқы

безінің I клеткалары жұқпалы ауру микробтарымен ауыр зақымданғанынан инсулин бөлу қабілеті мүлдем төмендеген.

Аурудың бұл түрін инсулинмен емдейді.



Ал мамандар 2-типтегі диабеттің таралуын тоқтатуға болады деп есептейді. Бұған дене салмағын азайту, физикалық жүктемені ұлғайту, дұрыс тамақтану ықпал етеді. Басқаша айтқанда, батыстық өмір салтын түбегейлі өзгерту керек. Диабеттің алдын алу үшін дене салмағын бақылау балалардың 25%-ы семіздіктен қасірет шегетін Египет, Мальта және АҚШ сияқты елдерде қолданылады. Семіздік пен 2-типті диабеттің арасындағы тікелей байланыс әлі күнге дейін анықталмаса да, адам толық болған сайын оның инсулинге қажеттілігі арта түсетіндігі дәлелденген. II түрі жасы ұлғайған адамдарда жиі кездеседі, оларда инсулиннің бөлінуі шамалы ғана төмендеген, кейде оның қандағы мөлшері өзгермеуі мүмкін. Оларда инсулинмен байланысты инсулиндік рецепторлардың сезімталдығы бәсеңдейді, соның салдарынан инсулин зат алмасу процесіне кірісіп кете алмағандықтан қант диабеті пайда болады. Науқастың бұл түрі диета және қанттың мөлшерін төмендететін дәрілерді ішумен емделеді.

Бірақ қант диабетінің ІІ түрімен ауыратын адамдарға да инсулинді қолдануға тура келеді, егер қандағы қанттың мөлшері дәрілерді пайдаланған кезде қалыпты мөлшерге дейін төмендемесе, қосалқы аурулар қосылғанда: өкпенің қабынуы, жұқпалы аурулар, ота жасайтын жағдайда, ағзаларда (бүйрек, бауыр, көз, аяқтардағы созылмалы жара) асқынулар болғанда, қант диабетімен ауыратын жүкті әйелдерге, бала емгізгенде. Көбіне аурулар инсулин қабылдасақ инсулинге тәуелді болып қаламыз деп бас тартады. Неғұрлым инсулинді ерте алсақ қосалқы аурулардан тез айығып, ағзаларда, асқынулар болған жағдайда ары қарай өршімеудің алдын алудың жолы екенін түсіндіруіміз керек.

Егер айқын қант диабетіне уақытында, науқастың жағдайына сай ем қолданылмаса сырқатта өлім қаупін тудыратын асқыну – адамның есінен танып қалуы (кома) мүмкін.



Қант диабеті асқынған кезде жиі кездесетін команың бірі – кетоқышқылды кома деп аталады. Бұл кома болардың алдында қант диабетінің белгілері ерекше күшейеді. Жиі зәр шығарумен байланысты денедегі судың мөлшері азаюынан, электролиттік баланстың өзгеруінен науқас адам тез әлсірейді. Орталық нерв жүйесі алдымен қозуы немесе тежелуі мүмкін. Содан кейін адам есінен танады.

Тағы бір тоқталатын жағдай – гипогликемия (қанда глюкоза мөлшерінің азаюы) комасы. Бұл кома науқас адамның уақытында тамақтанбауына және ішетін дәрісінің немесе инсулиннің артық болуына байланысты. Қанда глюкоза төмендеген кезде адамның тәбеті ашылып, денесі дірілдейді, тез арада терлеп кетеді. Орталық нерв жүйесі қозып, адам есіреді, уақытында көмек көрсетілмесе есінен танады. Лабораториялық әдіспен тексергенде глюкозаның мөлшері ерекше төмендегені анықталады.

# Комплексное лечение диабета включает:

**Инсулин**



**Диета**



**Мониторинг  
сахара в крови**





# Гестационный диабет (диабет беременных)

У женщины, ожидающей ребёнка, под воздействием высоких концентраций гормонов беременности снижается чувствительность рецепторов к инсулину, что может привести к проявлениям сахарного диабета. Как правило, после родов диабетические проявления исчезают бесследно



## **Степени тяжести сахарного диабета**

Различают три степени тяжести сахарного диабета: легкую, среднюю, тяжелую.

**Легкая степень** тяжести характеризуется невысоким (до 10 ммоль/л) содержанием глюкозы в крови и её полным отсутствием в моче, отсутствием выраженной симптоматики.

**Средняя степень** тяжести определяется тогда, когда содержание сахара в крови превышает 10 ммоль/л, выявляется глюкоза в моче, Пациент жалуется на общую слабость, сухость во рту, жажду, учащённое мочеиспускание, склонность к гнойничковым поражениям кожи.

**Тяжелая степень** развивается с нарушением всех обменных процессов. Содержание сахара и в крови и в моче очень высоко. Клиническая симптоматика диабета ярко выражена, существует риск развития диабетической комы, появляются признаки сосудистых и неврологических осложнений диабета.











